

1. Педагогикалық әдеп отырысы хаттамасы

Тақырыбы: Педагогикалық әдеп ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары

Хаттама №1

Өткізу күні: 2025 ж. 20 қыркүйек, сағ. 10:00

Өткізілген орны: : “Балауса» балабақшасы, әдіскер бөлмесі

Қатысқандар:

1. А.К.Садыкова – меңгеруші
2. С.А.Әминова – әдіскер
3. Г.Х.Тапаева – тәрбиеші
4. Қызметкерлер тобы

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп ережелері туралы түсіндіру.
2. Әдеп ережелерінің тәрбие жұмысына әсері.
3. Педагогтардың өзара қарым-қатынасы және этикалық нормаларды сақтау.

1-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Садыкова А.К

Мазмұны:

Меңгеруші педагогикалық әдеп ережелері туралы түсінік беріп, олардың маңыздылығын атап өтті. Әдеп ережелері педагогтардың кәсіби имиджін қалыптастыруға және балаларға үлгі болуға негізделген. Әрбір педагог қарым-қатынас барысында құрмет, әдептілік, сабырлылық танытып, этика талаптарын сақтауы қажет екені айтылды.

2-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Әминова С.А

Мазмұны:

Әдіскер педагогикалық әдептің балалармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы рөлі туралы баяндама жасады. Педагогтардың әр әрекеті

баланың дамуына әсер етеді, сондықтан олардың мінез-құлықтары мен сөйлесу әдебі үлкен мәнге ие. Ата-аналармен қарым-қатынаста ашықтық, түсіністік және ынтымақтастық принциптері сақталуы керек.

3-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Тапаева Г.Х

Мазмұны:

Тәрбиеші педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың салдары туралы баяндады. Әдеп ережелерін сақтамау – мекеменің беделіне зиян келтіріп, балалардың сеніміне әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу ұсынылды.

4-ші мәселе бойынша:

Баяндамашы: Қияқбай Г.С

Мазмұны:

Барлық қызметкерлердің педагогикалық әдеп ережелеріне сәйкес әрекет етуін қамтамасыз ету жолдары қарастырылды. Әр педагог өз әрекеті үшін жауапты екенін түсінуі қажет. Тәртіпті сақтау және бір-бірімен өзара сыйластық қарым-қатынасты нығайту басты міндеттердің бірі.

Шешімдер:

1. Барлық педагогтар мен қызметкерлерге педагогикалық әдеп кодексімен танысуға тапсырма беру.
 2. Қызметкерлер арасында этикалық нормаларды түсіндіру бойынша тұрақты түрде семинарлар өткізу.
 3. Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынасты жақсарту үшін педагогикалық әдебіне арналған тренинг ұйымдастыру.
 4. Әдеп нормаларын сақтау бойынша бақылау және талдау жұмыстарын жүргізу.
-

Отырыс қорытындысы:

Меңгеруші Альмира Садыкова педагогикалық әдеп ережелерінің маңыздылығын атап өтіп, қабылданған шешімдерді іске асыру үшін барлық қызметкерлердің бірлескен жұмысын ұйымдастыру қажет екенін айтты.

Шешімдер:

1. Барлық қызметкерлерге педагогикалық әдеп кодексімен танысуға тапсырма беру.
2. Тәрбиешілер арасында өзара құрмет пен әдептілік мәдениетін нығайту шараларын енгізу.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша ай сайын бақылау жүргізу.

Хаттама әзірледі:

А.Е.Омарова

Хаттамаға қол қойылды:

- Меңгеруші: А.К.Садыкова
- Қатысушылар: _____

